

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі
Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйимы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы
Топ/сынып	Ересек топ
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балдәурен» тобы Бала саны 25
Балалардың жасы	4 жасар балалар
Педагогтің аты-жөні	Калтурсынова Маржан
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	26.06. - 30.06.2023ж.
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i> <i>Сейсенбі</i> <i>Сәрсенбі</i> <i>Бейсенбі</i> <i>Жұма</i>
Күн тәртібі	
Балаларды қабылдау	Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлыш жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.

	(сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Құрышактарды жуындыру". Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешіге қуыршақты жуындыруга көмектесуге үйрету: суға салынған қуыршақтарды شاюға, оларды щётканың көмегімен тазалауды менгерту. Сүмен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ересектерге көмектесу ниетін, енбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. (енбек дағдылары)	"Біз ойын бөлмесі мен жатын бөлменің терезе алдын, дымқыл матамен сұртеміз". Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс істеу барысында, келесі ережелерді сақтауға үйрету: женді тұру, матаны сулау және сығу, кірлеген кездे сүмен жуу. (енбек дағдылары)		"Таза орындықтар". Мақсат-міндеттер: балаларды ойын бөлмесіндегі орындықтарды таза және ұқыпты ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сұрту; оку қызметінен кейін орындарына қою. Енбек дағдылары мен жұмыс барысында мәдени – гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Ересектерге көмектесу ниетін, енбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. (енбек дағдылары)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер: балаларда өз төсектерін күтіп ұстау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу, басқаларға көмектесуге ұмтылу; енбекке баулу; өзін- өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. (енбек дағдылары)

	<p>"Сипаттамасы бойынша таны" дамытушылық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: сейлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту (зат есі мен сын есімді байланыстыру). (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Қатарға тұрып билейік" жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машиқтандыру; қабылдау, зерек болу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту. Жаттығуды көңілді әуен жазбасын қосып</p>	<p>"Лото" үстел үсті ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қоршаған ортамен таныстыру, танымдарын кеңейту. Лото көптеген түрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында логикалық ойлау, байқампаздық, зейін, есте сактау қабілеті дамиды, ұсақ қол моторикасы жетіледі. (танымдық дағдылар)</p> <p>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге</p>	<p>"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойны (жемістер мен көкөністер).</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Құралдары: шенбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, ушбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көкөністердің кескіндері.</p> <p>- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіндер?</p>	<p>"Өрнекті құрастыр" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: зейін, қабылдау, ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту, түстер жайлы білімдерін бекіту, шығармашылық қабілеттерін ұштау. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)</p> <p>"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі</p>
--	---	--	--	---

	<p>өткізуге болады. Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетеік: Басты оң-солға бұрып, Қос иықты көтерейік.</p> <p>Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетеік: Жоғары қол көтеріп, Бұлғап, тәмен түсірейік.</p> <p>Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетеік: Аяқты кезек көтеріп, Маршпен шапалақтап жүрейік. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>Ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық сұы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын!</p> <p>Жауған жерін шөп болсын!</p> <p>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)</p> <p>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>(Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш). - Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көкөністерді атайды) - Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көкөністер.) - Суреттегі көкөніс пен жемісті өзіне үқас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойындар. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) Пазл жинау ойыны. Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасы</p>	<p>түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:</p>
--	--	---	--	---

				<p>мен қозғалыс координациясын дамыту, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін жаттықтыру, развивает логикаларын дамыту, табандылыққа, үқыптылыққа тәрбиелеу. (математика негіздері)</p> <p>"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.</p> <p>Құралдары:</p> <p>геометриялық</p>	<p>"Жаз, күз, қыс және көктем". Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>
--	--	--	--	---	---

				пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар. (математика негіздері)	
Таңертенгі жаттығу	Kешенді жаттығу. Балалардың денсаулығын нығайтуға ықпал ету, күнделікті жаттығу әдетін қалыптастыру. Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды созайық. Белімізді жазайық. (дene шынықтыру)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс қолдануды үрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді". Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп,	Әңгімелесу: "Күс ұясын бұзба; агаштарды сындырма; демалып отырган орнына қоқыс тастама; бұлақты ластама".		"Еркелетіп ата" дидактикалық оныны Мақсат-міндеттер: сөз тудырушы журнақтар арқылы жана сөз құрау. (сөйлеуді дамыту)	"Тікұшақ қайда ұшып барады?" дамытушылық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, тікұшақтың қай жаққа ұшып бара

	<p>жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер.</p> <p>Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау)</p> <p>Қандай әсем, қараса. (Колды екі жаққа жаю)</p> <p>Мұнда әсем түймедақ, ("Түймедақ" - балалар ортаға шығып, қол бұлғайды)</p> <p>Жайқалып тұр, тамаша,</p> <p>Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді)</p>	<p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>табиғатты аялау қағидаларына бейімдеу.</p> <p>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p>		<p>жатқанын анықтап айтуға машиқтандыру; кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін пысықтау.</p> <p>Педагог балаларды алдын-ала тікүшактың қалай қозғалып, ұшатынын бейнежазбалар арқылы көрсетеді.</p> <p>Солдан соң түрлі бағыттарға ұшқан, түрлі кеңістік пен жазықтықта ұшып-қонғаны туралы суреттерді кезегімен көрсетеді.</p> <p>Құралдары:</p> <p>тікүшактың жоғары, төмен, оң, сол жақтарға ұшқаны туралы суреттері.</p> <p>Балалар мысалы жауаптары: "Тікүшак</p>
--	--	--	--	--

	<p>Гүлге қонды, жарыса!</p> <p>Шөп арасын қарасаң, Бұлдірген бар қызарған."Бұлдірген дер" жүгіріп шығып, беттерін ұстап, бастарын шайқайды)</p> <p>Жасырынып жатқаны, Көзге түспей, тәп- тәтті!</p> <p>Еңкейіп кеп, ерінбей, (Калған балалар ортага шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады)</p> <p>Теріп салам себетке. Кіп-кішкене, моншақтай, Әсер етер тәбетке. Аударған А. Кекенова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,</p>			<p>солға ұшады", "тікұшақ солға ұшады", "тікұшақ жоғары ұшады", "тікұшақ тәмен ұшады", "тікұшақ жерге қонады", "Тікұшақ аспанда ұшады". Балалар тікұшақтың иілгіш екенін байқайды.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)</p>
--	--	--	--	---

	(дene шынықтыру)			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Нұрлы күн" Мақсат-міндеттер: Жазғы ауаралы, жазғы күннің ерекшелігі туралы түсіндіру.</p> <p>Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Күлімдеп тұр нұрлы күн" Мақсат-міндеттер: Балаларды аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруға; көлбей тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жогары және төмен жұру іскерліктерін жетілдіру; қатарға екеуден тұру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар допты алысқа дәлдеп лақтыру дағдыларын дамыту.</p> <p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Әңгімелеп</p>		<p>Сурет салудан ойын-жаттығу «Аспандағы ғажайып құс» Мақсат-міндеттер: Балаларды аспандағы құстың суретін салуға, дene бөліктерінің пішінін бере білуге үрету; ұсақ қол моторикасын, зейіндерін, қиялдарын, жазықтықты бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту ; бояу, қылқаламмен сурет салуға жаттықтыру; сұлулық жайлы түсініктерін кеңейту, табиғат нысандарына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p>	<p>Коршаган ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Әрқашан күн сөнбесін!" Мақсат-міндеттер: Аспан денелерімен танысады жағастыру, жердегі жарық пен жылу көзі күн туралы кеңірек түсінік беру. Күннің жердегі тіршілік үшін маңыздылығын анықтау. Балалардың жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.</p>

		<p>үйренеміз. А. Осеева "Тәтті тоқаш" Мақсат-міндеттер: Балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойларын еркін айтуда үйрету; оқылған әңгіменің мазмұнын мәнгерту; енбекті бағалап, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру; оқиғаны өмірмен байланыстыра айтуда дағдысын дамыту; ата-анаға, үлкендерге сыйластыққа тәрбиелу.</p>	<p>Музықадан ойын-жаттығу "Әсем табиғат" Мақсат-міндеттер: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту.</p>	
2- таңғы ас	Тағамның атавын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)			
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалалауда арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Серуен	Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем		Раушанғұл бұталарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,

	дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: гүлдің өсуі мен дамуын бақылауды жалғастыра білуге дағыландыру; ойлау, зейін, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балаларға календула, космея гүлдерін салыстыруға шақыру. Еңбек әрекеті: даала өсімдіктеріне күтім жасау (қосыту, суғару, шөптеу). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: Ұжымдық еңбектен алатын жағымды сезімдерін тәрбиелеуді жалғастыру. "Кім спортшы?" жаттығу. (сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)	әдебиет) Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртқы дene ерекшеліктері, тіршілігі жайлы білімдерін терендешу; сөздік қорларын молайту. "Торғайдың әні". Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Ж. Сымаков. Торғайдың қимылдарын бақылап, құстың екі аяқпен секіретіні, алаңың өзге жеріне секіріп, қанаттарымен бір-екі рет қағып, тез жете билетіні, ағаш бұтасына шыр етіп	сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: Өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылау, табиғи ортаға қамқорлық көзқарасты қалыптастыруды жалғастыру. Еңбек әрекеті: гүлдерді суару. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу, тапсырманы тиянақты орындау. Су құйғыштарды қолдану. "Саны қанша – сонша ғұл (санырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығу. Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай	көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктерін, табиғатта болатын өзгерістер жайлы түсініктерін бекіту, "кемпірқосақ" жайлы түсініктерін кеңейту. "Кемпірқосақ". Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындал, Тұр-түсін дәл тауыпты, Кемпірқосақ салыпты. Ш. Әлдібекұлы. Еңбек әрекеті: ойын алаңын ұсақ бұтақтардан жинау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер:
--	---	---	--	---

	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау)</p> <p>Жаттығуда адымда. Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру) Бір-екі, бір-екі. Денемізді иеміз, (Алға еңкею) Бір-екі, бір-екі. Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру) Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру,</p>	<p>ұшып кететіні туралы әңгімелеу. Еңбек әрекеті: ойын жабындысын жинау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамыту. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл- қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшандыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар"</p>	<p>құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырактар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар. Педагог балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жинынын құрастырады. Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.</p> <p>"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру)</p>	<p>бірлесіп жұмыс істеу, ортақ тапсырманың орындалуына қол жеткізу, өзара көмекке тәрбиелеу. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Құрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер,</p>
--	--	---	---	--

	<p>керілу)</p> <p>Аяқты алшак, қоямыз, (Аяқты кен ашип секіру)</p> <p>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)</p> <p>Бізде бәрі тамаша!</p> <p>Спортшы болсан, шаршама! (Кол шапалактау)</p> <p>"Ақ сүйек" қимыл- қозгалыс ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Ойын мақсат- міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машиқтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алғып,</p>	<p>болады.</p> <p>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде тандайды.</p> <p>Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды.</p> <p>Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша</p> <p>"шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды.</p> <p>Олардың міндегі - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді.</p> <p>Қайсы топ қарсы</p>	<p>балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшашдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеністікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала</p> <p>тандалынады: бірі куғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шенберге тұрады.</p> <p>Қалған балалардың эрқайсысы шенберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды.</p> <p>Құғыншы мен қашушы шенбер сыртында, бір- бірінен алшак</p>	<p>орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.</p> <p>"Үш табан" қимыл- қозгалыс ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.</p> <p>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Эр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.</p> <p>Көмбеге бір-бірден асық тіккен эр топтың ойыншылары өз аландарында жеке- жеке сақаларын үйіріседі.</p>
--	---	--	--	--

	<p>балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.</p> <p>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмейі керек.</p> <p>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.</p> <p>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.</p> <p>Сөйтіп, ақ сүйекті</p>	<p>топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.</p> <p>"Бақшадағы тауықтар" қымыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: орташа қарқындағы жүгіруде, жартылай отыруды және қанаттарын қаққан қозғалысты келтіруді жаттықтыру.</p> <p>Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейіндікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен аландағы ойындар, дымқыл құммен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p>тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.</p> <p>"Күннің суретін сал" қымылды ойыны-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p>	<p>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бұқ, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).</p> <p>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.</p> <p>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.</p> <p>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.</p> <p>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы</p>
--	--	--	--	--

	<p>ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.</p> <p>Жабдығы: ақ сүйек.</p> <p>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру.</p> <p>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселинеді.</p> <p>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен аландағы ойындар,</p>	<p>ұсақ қол моторикасын дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: спорттық ойындар мен жарыстарға қызығушылықтарын арттыру; ептілікті дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен аландағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктіліктерін қалыптастыру.</p>	<p>қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.</p> <p>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғандаға - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.</p> <p>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.</p> <p>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмbeden бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмbede ақтық сайысқа түседі.</p> <p>"Түрлі-түсті жолақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: кеңістікті жылдам бағдарлау</p>
--	---	-------------------------------------	---	---

	қымыл-қозғалысты дамыту ойыны "Тастандардан секіру". Мақсат-міндеттер: тәпеп-тәндікті дамыту.				біліктіліктерін дамыту, кемпірқосақ түстерін бекіту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қымыл-қозғалысты, көру қабілеттерін дамыту "Нысанға тигіз".
Серуенниен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Тұскі ас	Үстел үстіндегі тұскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі үйқы	Балалардың тыныш үйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен журу. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары,	"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер:	"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер:		"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық	Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарau және тағы басқа әрекеттер)	балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: Эртүрлі заттар мен ойыншықтар. Барысы. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырганда, балалар олардың реттік нөмірін айтады. Балалар көздерін жұмады, педагог	балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шенбер немесе шенбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындаиды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе "аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды.	оыйны. Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық еki карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сейлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Эртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар.	істейтінімізді көрсетеміз". Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту. Барысы. Жүргізуши. 1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді. 3 Нұсқа. Шенберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді
---	--	---	--	---

	<p>қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.</p> <p>Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".</p> <p>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру.</p> <p>Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Балалардың эколог жұмысының</p>	<p>Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұштың жәндіктердің атаулары, "жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту.</p> <p>Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге</p>	<p>составить логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін:</p> <p>тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлак; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтак; жапырақ - гүл; және т.б..</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету,</p>	<p>тырысады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын."Дәріхана".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Керекті құрал-жабдықтар.</p> <p>Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ак халаттар,</p> <p>төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар.</p> <p>Барысы.</p> <p>Педагог алдын-ала</p>
--	---	---	---	--

	<p>адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы үғымдарын кеңейту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты үйимдастырады; экологиялық паспорттарды</p>	<p>сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы үғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстай ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап окуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстаяға тәрбиелу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп,</p>
--	---	--	---	---

	<p>зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсүмен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен тәнисстыру)</p>		тәнисстыру)	<p>оыйнды бастайтынын айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп, күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен тәнисстыру)</p>	
Балалармен жеке жұмыс	<p>"Сөздегі дыбысты анықта" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың</p>	<p>"Өрнекті жина" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлаудың</p>		<p>"Сөйлем құра" дидактикалы қ ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды берілген</p>	<p>"Жаз" тақырыбына әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: сұрақтарға толық, нақты жауап беру</p>

	<p>фонематикалық есту қабілетін, сөйлеу тілін дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Бұлтқа" фонемо- ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлесен, нөсерлет! Қазақ ауыз әдебиеті. (сөйлеуді дамыту,</p>	<p>дамыту. (математика негіздері)</p>	<p>сөзге сөйлем күрау білуге дағдыландыру, сөздік қорларын молайту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>"Жәндікті ата" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер жайлы білімдерін толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен тәнистыру)</p>	<p>біліктіліктерін пысықтау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпактың мазмұнын есте сактап, мәнерлеп окуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Бақшада". Көңілді бар бала, Бақшага, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз әткеншек. Шешеміз жұмбақ та, Жаңылтпаш айтамыз. Кешкілік үй жаққа Үлкейіп қайтамыз. Б. Кірісбаев. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>
--	---	--	--	---

		көркем әдебиет)			
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім киу реттілігін бақылау.				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаган ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алушы, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қараша, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері)</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаган ортамен таныстыру)</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Балалалық ұяндық" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес.	"Жаман әдеттерден қалай құтылуға болады?" тақырыбында әңгімелесу.		"Балабақшадағы күн тәртібі" тақырыбында әңгімелесу.	Кеңес "Баланы еңбекке баулу".

Әдіскер:

А.А.Сулейменова